

**Әкімдіктің 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 29 "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 сәуірдегі № 129 қаулысы.  
Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 мамырда № 9-3-108 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының негізінде Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 29 "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-3-100 нөмірімен тіркелген, "Арқалық хабары" қалалық апталық газетінде 2009 жылдың 30 қаңтардағы 4 (233) - нөмірінде жарияланған) қаулысының қосымшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

7 - т а р м а қ :

мынадай мазмұнда 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) Футбол алаңындағы газон шөбін егу мен тыңайтқыш беру, топырағын тырмалауға дайындауға қатысу" "адам саны" 4, "күндер" 42, "адам/күндер" 168;

"Жиыны" деген жолдағы "4", "52", "208" деген цифрлар "8", "47", "376" деген цифрлармен ауыстырылсын;

қосымшаға сәйкес 9-тармақпен толықтырылсын;

"Барлығы" деген жолдағы "500", "46,2", "23105" деген цифрлар "534", "44,9", "23958" деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Ш. Шаяхметовқа жүктелсін.

Арқалық қаласының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ

Т. Төлеубаев

Шаруашылық басқару құқығындағы  
"Қазақавтожол" республикалық  
мемлекеттік кәсіпорынының Қостанай  
облыстық филиалының директоры

С. Қарабеков

Қостанай облысы Арқалық қаласы  
 әкімдігінің 2009 жылғы  
 15 сәуірдегі 2009 жылғы № 129  
 қаулысына қосымша

рет номері	Кәсіпорындар атауы	Жарғының тіркелген	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	Адам саны	Күн-дер	Адам/ күн
9.	Шаруашылық басқару құқығындағы "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Қостанай облыстық филиалы	2005 жылғы 25 қаңтар № 9081-1901-МК	1) Республикалық дәрежедегі Арқалық-Жезқазған-Петропавл автомобиль жолының 340-377 шақырымдарындағы, 340-294 шақырымдарындағы асфальт-бетон жамылғыларындағы шұқырларды жөндеуге қатысу.	2 5 0 шаршы метр	5	90	450
			2) 340, 361 және 371 шақырымдардағы автопавильондарды ақтап, сырлауға қатысу.	3 павильон	5	15	75
			3) 252-377 шақырымдардағы белгі бағаналары, шақырымдық көрсеткіштер, пано, жол белгілерін орнатуға қатысу.	35 дана	5	10	50
			4) 252-377 шақырымдарда белгі бағаналары және 45 жол белгілері, 12 дана пано, 125 дана шақырымдық көрсеткіштерді ақтап, сырлауға қатысу.		5	15	75
			5) Арқалық-Жезқазған-Петропавл автомобиль жолының 252-377 шақырымдарындағы белгі бағаналарының, пано, жол белгілері бермдерінің шөптерін қолмен шабуға қатысу.	1 7 0 0 шаршы метр	5	5	25
			6) 368 және 372 шақырымдардағы көпір мен қисықсызықтарды сырлау.	4 6 0 шаршы метр	5	2	10
			Жиыны	x	30	22.8	685